

Күшіміз - бірлікте!




3-БЕТ

Қызылорда облысында
жана автовокзал ашылды



6-БЕТ

Жоғарғы Сот төрайымы
болған жалғыз қазақ қызы



8-БЕТ



• СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Андрей ПОДГУРСКИЙ,
Ақмола облысы Туризм
басқармасының басшысы:

«АЙМАҚТЫҚ ТУРИЗМНІҢ МҮМКІНДІГІ КЕҢ»

– Андрей Иванович, Ақмола – табиғат ерекше байлық сыйлаған аймақ. Өңірде еліміздің туристік әлеуетін іске асырудың үлкен мүмкіндігі жатқанын білеміз. Бүгінде бұл әлеует қалай пайдаланылуда?

– Иә, Ақмола облысы – еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында айрықша басымдыққа ие өңірлердің бірі. Аймақ өзге облыстардан фауна мен флораға бай әртүрлі ландшафттарымен және бай мәдени мұрасымен ерекшеленеді. Онда туризмнің әлеуеті жоғары бағыты – сауықтыру мен экотуризмді дамытудың табиғи мүмкіндігі зор. Басқаны айтпағанда, тек Бұрабай демалыс аймағы өңір ғана емес, тұтас елдің мақтанышы. Облыста мұны барынша пайдаланып, халық игілігіне айналдыруда атқарылып жатқан іс аз емес. Яғни, өңірде туризмнің дамуына айрықша көңіл бөлінуде. Осының арқасында салада қолжеткен табыстар да жыл сайын артып келеді.

Жалпы, облыстың туристік кластеріне 600-ден астам кәсіпорын кіреді. Оларда 22 мыңнан астам ақмолалық жұмыс істейді немесе жұмыспен қамтылған халықтың 5,3 пайызы яғни, 421,4 мың адам осы саладан өз несібесін айырып жүр. Өңірде былтыр туристерді орналастыру бойынша 16,5 млрд теңгенің қызметі көрсетілді. Бұл бұрнағы жылдармен салыстырғанда 29 млрд теңгеге артық болып, республика бойынша аймақ туризмі үшінші орынға шықты.

Былтыр облысқа 956,7 мың турист келді. Олардың 404,2 мыңы демалыс орындарында демалып, 17,2 мыңы санаториялық-курорттық ұйымдарда болды. Ал, мемлекеттік ұлттық табиғи қорықты 535,3 мың адам тамашалады.

Өңірдегі Щучье-Боровская және Зеренді курорттық аймақтары еліміздің туристік әлеуетін іске асырудың басым бағыты. Оларға жылына 1 миллионға жуық адам келеді. Оның 3 пайызы шетелдік туристер. ШБКА-ның жалпы 3470 бөлмесі бар. Сыйымдылығы 9 мыңнан астам төсек болса, оның 198-і орналастыру орны. Осы тұста айта кететін бір мәселе «Бұрабай» шипажайының рекреациялық жүктемесі небәрі 345 мың адамға есептелген, ал өткен жылы туристер саны 3 есеге артып кетті.

(Соңы 5-бетте)

✉ zangazet@mail.ru

№28 (3657)
16 сәуір 2024



ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМНЫҢ БӘСІ ӘРДАЙЫМ ЖОҒАРЫ



Соңғы жылдары Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары тек технологиялық өзгерістерден ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-мәдени өзгерістерден туындаған қарқынды трансформация кезеңін бастан өткеруде. Осы тұрғыда Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Алматыда өткен өңірлік мерзімді басылымдардың II республикалық форумы өңірлік басылымдар алдында тұрған өзекті тенденциялар мен міндеттерді талдап, талқылауға арналды.

(Соңы 4-бетте)

• САРАП

ОЙЛАНБАЙ ЖАСАҒАН ӘРЕКЕТ ОРҒА ЖЫҒАДЫ

Жалған ақпарат оны таратушыға ғана емес, жалпы қоғамға зиянын тигізеді. Қоғамға деп отырғанымыз, мысалы, төтенше жағдайлар кезінде әлеуметтік желілерде жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптаған сан түрлі ақпарат халықтың санасына үрей тудырып, қапыты өмірге нұқсан келтіреді. Өйткені, жалған ақпаратқа сеніп қалатындар аз емес. Кейде оның кесірі табиғи апаттың алдын алу немесе оның салдарын жою бағытында жұмыс істеп жатқан мамандарға да тиюі мүмкін. Азаматтар жалған ақпаратқа жол бергендерге жаза түрлері қатаң екенін білулері керек.

Әсіресе, бұл желідегі аудиториясын көбейту, сол арқылы пайда табу мақсатын көздейтіндер үшін аса маңызды. Сондықтан, заң талаптарынан хабардар еткенді жөн санап отырмыз. Республикамызда «Онлайн платформалар және онлайн жарнама туралы» заң бар. Осы заң барлық азаматқа жалған ақпарат таратпау, таратылған жағдайда оны жою міндетін жүктейді. Тағы бір айтып өтерлігі, өзіне қатысты жалған ақпарат таратылған адам онлайн-платформаның меншік иесіне оны жою талабын қоюға құқылы. Меншік иесі бас тартса, мәселені сотқа жүгіну арқылы шеше алады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 456-2-бабында БАҚ-тар мен ақпарат иеленушінің интернет-ресурсында, ашық деректердің интер-

нет-порталында, сондай-ақ, ел заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен жалған ақпарат орналастырып, таратқан лауазымды адам, шағын кәсіпкерлік субъекті, сондай-ақ, коммерциялық емес ұйым – 30, ал орта кәсіпкерлік субъекті – 50, ірі кәсіпкерлік субъекті – 100 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл арқалайтыны белгіленген. Егер әкімшілік жаза алғандар дәл осы әрекетін бір жыл ішінде қайталап жасаса, жоғарыда аталған айыппұлды екі еселеп төлейді, яғни, 50 АЕК екінші рет 100-ге көбейеді.

Осы тұрғыда қылмыстық жауапкершілікке келсек, Қылмыстық кодекстің 174-бабына сәйкес, әлеуметтік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру мақсатында жалған ақпаратқа жол берген

және өзінің қасақана әрекетін бұқаралық ақпарат құралдарын, телекоммуникация желілерін және онлайн-платформаларды пайдаланып жасаған адам 2 мың мен 7 мың АЕК аралығында айыппұл төлейді не 2 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығы шектеледі, осы мерзімге бас бостандығынан айырылады. Аталған кодекспен терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабар таратқандарға 5 мың АЕК айыппұл салу немесе осы мөлшерде түзеу жұмыстарына жету, 5 жылға дейін бас бостандығын шектеу не бас бостандығынан айыру жазалары көзделген.

Қылмыстық кодекстің 274-бабында көрсетілгендей, қоғамдық тәртіптің бұзылуына әсер ететін, сондай-ақ, азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне қауіп төндіретін көрінеу жалған ақпарат таратқандарға 1 мың АЕК-ке дейін айыппұл салынады. Бұған қоса түзеу жұмыстарына не 400 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту, 1 жылға бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру жазалары да қарастырылған. Көрінеу жалған ақпарат таратушыларға Қылмыстық кодекстің бұдан да өзге баптары бойынша жаза көзделген. Мәселен, арнаулы қызметтерді көрінеу жалған шақырғандар 438, сыбайлас

жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат бергендер 439-баптар негізінде жазаға тартылады.

Жалған хабарламаны жасөспірімдердің ойын үшін тарататыны да жиі кездесуде. Осы себепті, ата-аналар мен ұстаздар балаларға әрбір заңсыз әрекеттің салдары ауыр болатынын, оның соңы қылмыстық жауапкершілікке ұласатынын ұдайы түсіндіріп отыруы керек. Өйткені, «өтірік өрге баспайды», технологияның дамыған заманы, мықты құрылғылар мен аппараттар көмегімен кез келген ақпараттың қай жерден шыққанын анықтауға болады. Занды білмеу жауапкершіліктен құтқармайды.

Бүгінде ақпарат тасқыны да, оларды таратушы дерек көздері де өте көп. Қарапайым халық үшін бұлардың қайсысы рас, қайсысы жалған екенін түсіну қиын. Дегенмен, шынайы ақпаратты жұртшылық БАҚ-тардан іздейді. Сондықтан журналистер қауымы жариялайтын ақпаратын жіті тексеріп, құзырлы органдар мәліметінің негізінде жеткізгендері жөн. Әрбір жалған ақпараттың орға жығатынын естен шығармайық.

Ерлан БАҚЫТЖАН,
Хромтау аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

«ТӘРТІПКЕ БАС ИГЕН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ»

Қоғам – әлеуметтік жүйе болғандықтан, осынау ортадағы жалпы тәртіпті сақтау баршамыздың ортақ міндетіміз. Алайда, арамсызда бірі абайсызда, енді бірі қасақана түрлі құқық бұзушылыққа жол беретіндер бар. Тіпті, көшедегі вандализм, азаматтарымыздың мәдениетсіздігі, бейнежазбаларға жазылған түрлі тұрмыстық жанжалдар еліміздің халықаралық аренадағы абыройын түсіретінін ескермей жатамыз.

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды», – демекші, тәртіп – кез келген қоғамның қалыпты тіршілігінің басты шарты. Себебі, белгілі бір тәртіп болмай, мемлекеттің тыныштығын сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін емес.

Құқық бұзушылық – заңнамалық актілерде жауапкершілік көзделетін, жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің мүддесіне зиян келтіретін адамның құқыққа қарсы, кінәлі әрекеті не болмаса әрекетсіздігі болып табылады. Қоғамдағы құқық бұзушылықтың алдын алуы мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, барлық меншік нысанындағы ұйымдар, азаматтар жүзеге асырады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу азаматтардың құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін қорғау және сақтау, заңдылық, жариялық, құқықтар мен міндеттердің бірлігі, ізгілік, ғылыми негізділік, кешенді тәсілдер және профилактикалық ықпал ету шараларын саралау қағидатына негізделеді. Құқық

бұзушылықтың алдын алу жалпы, арнайы және жеке шаралар арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, адамның және азаматтың құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін, қоршаған ортаны, меншікті, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, ұйымдардың заңмен қорғалатын құқығы мен мүддесін әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғап, олардың жасалуының алдын алуға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің маңызы зор. Аталған кодекстің 25-тарауы қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарға арналған.

Жалпы кодекстің ерекше бөлігінің баптарында көзделген құқық бұзушылықтар үшін заңнамаға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, әкімшілік жауаптылық туғындайды. Құқық бұзушылықты жасаған тұлғаға заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылық жасауының

алдын алу мақсатында әкімшілік жаза қолданылады. Осы орайда, әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ескерту жасалып, әкімшілік айыппұл, арнайы құқықтан айыру, рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу, заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу, қамаққа алу, т.б. әкімшілік жаза түрлері қолданылуы мүмкін екенін атап өткен жөн.

Азаматтар өз міндеттерін орындаса, құқығы мен бостандығын тиімді пайдаланса, тәртіп сақталып қана қоймай, қоғамның дамуына жан-жақты жол ашылары сөзсіз. Мұны көріп, қауіпсіз қоғамда өскен ұрпағымыз да жат қылықтан сақтанып, еліміздің игілігі үшін өркеніетті қоғамның дамуына атсалысары анық.

Мемлекет басшысы «Заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету – Әділетті Қазақстанның құрудың басты шарты», – деген еді. Сондықтан, әрбіріміз құқық бұзушылықтың алдын алып, ортақ тәртіпті сақтап, қоғамды ізгілендіруге үлес қоса білгеніміз абзал.

**Гульмира СУЙЕУОВА,
Ақтау қаласы әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған сотының
судьясы**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де жас ғалымдардың білімін насихаттайтын дәстүрлі «Фараби әлемі» халықаралық конференциясы болып өтті.



ЖАС ҒАЛЫМДАРДАН КҮТЕР ҮМІТ КӨП

Ғылым мен білімнің қара шаңырағына алыс-жақын шетел студенттерімен қатар, өз еліміздің білікті жоғары оқу орындарынан жас ғалымдар, магистрант, докторант, студенттер жиналды. Философия кафедрасы «Жаңа Қазақстан жастарының құндылықтары туралы философиялық дискурс» деп аталатын секция бойынша жұмыс жүргізді.

Философияның қазіргі замандағы мәселелерін барынша талқылауға тырысқан жас ғалымдардың саны көп. Барлығы 65 жұмыс жинақталып, 30-дан астам баяндамашы өз жұмысын қазылар алқасының алдында қорғап шықты. Халықаралық конференцияға философия кафедрасының доценті Берік Аташ модераторлық жасап, жас ғалымдар жұмысын таныстырып, жан-жақты бағыт беріп отырды. Конференция өзінің, студенттерді оқу-танымдық қызмет пен ғылыми зерттеу жұмыстарына ынталандыру, студенттер мен ғалымдарды заманауи ғылыми мәселелерді шешуге

тарту, дарынды, талантты студенттерге қолдау көрсету және шығармашылық қабілеттерін ашу, жас ғалымдардың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға бағытталды.

Конференция барысында байқалғаны – әлеуметтік-философиялық мәселелер тек осы мамандық бойынша білім алып жатқан студенттерді ғана қызықтырып қоймай, басқа да мамандық иелері үшін өте маңызды екен. Бұған заң, химия, медицина, физика, т.б. факультеттер студенттерінің философиялық мәселелерді жан-жақты зерттеп, сараптама жасаған жұмыстары дәлел.

Осы шарадан соң «Фараби әлемі» жастарға ғылыми ізденіс барысында нақты бағыт-бағдар беретін баспалдақ екендігіне тағы бір мәрте көзіміз жетті. Жаңа Қазақстанның ғылымын дамытушы жас ғалымдардың көкірек көздері ояу, қадамы нық, алар асуы биік болсын деген тілек білдірдік!

**Гүлнар МӘЛІКҚЫЗЫ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті**

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Торе Батыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 221240000619, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Карбышев көшесі, 68 ғимарат, 29 пәтер.

3. «ТАБЫС – МЕРГЕН» ЖШС, БСН 180240029199, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 080000, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Сенкібай көшесі, ғимарат 1Б.

4. «Жарқын Үміт» мүгедек-кәсіпкерлер» қоғамдық бірлестігі, БСН 170440034291, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Ә.Молдағұлова көшесі, 32 үй, 42 пәтер. Тел. 87471155902.

17. «Иманды жүрек» қоғамдық қайырымдылық қоры, БСН 190440022329, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Асықата кенті, К.Ысқақов көшесі, құрылыс 38А, пошта индексі 161200.

ӘРТҮРЛІ

11. «Спутник» акционерлік инвестициялық жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамы, БСН 04124002895, «Спутник» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылуы туралы хабарлайды. «Спутник» акционерлік инвестициялық жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамының барлық құқықтары мен міндеттері «Спутник» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілген. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, «Мамыр-1» шағынауданы, 8А, «Спутник» сауда орталығы әкімшілігінің кеңсесі.

12. «Қаңғат» Коммуналдық базары» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік), БСН 060940010092, құрылтайшысының 5 сәуір 2024 жылғы шешімімен Серіктестіктің жарғылық капиталының азайтылуына байланысты Серіктестік өзінің барлық кредит берушілеріне жарғылық капиталдың азайтылуы туралы хабарлайды. Серіктестіктің кредит берушілері хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде серіктестіктен қосымша кепілдіктер не серіктестіктің тиісті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және зияндылардың орнын толтыруын талап етуге құқылы. Аталған талап болған жағдайда хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайдағы серіктестікке жазбаша нысанда жолдау сұралады: Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Нүрпейісова көшесі, 2.

13. «Mycar Pay» ЖШС, БСН 121040004702, жарғылық капиталдың 150 000 000,00 теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Розыбақиев көшесі, 263 үй.

14. «Griff security» ЖШС, БСН 211040006956, «Sapsan Tech» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 211040006857, «Martin associates» ЖШС, БСН 211040006906, біріктіру арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы Октябрь ауданы, учетный квартал 102, құрылыс 17.

16. Қостанай қаласы тұрғындарының назарына!
«Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ - Толстой-ал-Фараби және Баймағамбетов-1 мамыр көшесінің кварталдағы құрылыс жобасын бекіту бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық талқылаулар 03.05.2024 жылы сағат 11.00-де мына мекенжайда өтеді: Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 144, 2 қабат. Сұрақтар бойынша жобаның тапсырыс берушінің өкіліне 87772435972 телефонына немесе «Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-не 87142541443 телефонына қоңырау шалуға болады.

МҰРАҒЕРЛІК

5. 2021 жылы 9 қарашада қайтыс болған Байжанова Шынарқұл Сарсенбекқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

6. 2023 жылы 6 қазанда қайтыс болған Белеков Жауымбайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Нукеева Айман Бежановнаға келуі керек. Мекенжайы: Алматы обл., Талғар қаласы, Брюллова көшесі, 5/1. Тел. 87024662773, 87472871107.

7. 2020 жылы 8 шілдеде қайтыс болған Жетібаев Калмаханнның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

8. 2023 жылы 4 тамызда қайтыс болған Көпенов Дүйсеннің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда

«Қазпочта» арқылы газетке жазылу нұсқаулығы

1. «Қазпочта» мобилді қосымшасын жүктеу
2. «Басылымдарға жазылу» бөліміне өтіңіз
3. «Заң газетін» тауып, таңдау
4. Қажетті мерзімді таңдау
5. Төлем жасау

Байланыс нөмері
1499

обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

9. 2023 жылы 28 қазанда қайтыс болған Мадиев Алиштің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

10. 2023 жылы 15 қарашада қайтыс болған Избенбетова Гульжайна Ертугановнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

15. 2023 жылдың 29 желтоқсанында қайтыс болған азаматша Абдрахманова Бибигүл Абулталиевнаның артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзағалиева Роза Тлеккабылловна мұрагерлік іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, М.Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, жұмыс тел. 50-44-68, 87072227274.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.
ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-көңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. Әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.